

## Борсы ауылы

Борсы - ауыл, әкімшілік округ орталығы. Аудан орталығы - Жәнібек а-нан солт-шығысқа қарай 92 км жерде, киікоты, жусан, еркекшөп, көкпек басым өскен сортаңды сұр, ақшылқоңыр топырақты, шөлейтті далада орналасқан. Бұл өңір Шәңгірей Бөкей мекендеген, ғұлама ғалым, ағартушы ақын Ғұмар Қараш дүниеге келген жер. 1925 жылы Борсы ауыл кеңесі Палласовканың Савинка кеңесіне қарады. Кейін 30-шы жылдардан бастап өз алдына ауыл кеңесі болып құрылды. 1952 жылы Борсыға Бірлік ұжымшары қосылды. Сол жылдары Жақсыбайға Орда ауданынан Жұлдыз және Алғабас деген екі ұжымшар қосылды. 1961 жылы Жақсыбайда Таловка қосады. 1964 жылы Таловтан қайта бөлініп, Свердлов кеңшарына қосылады. 1982 жылы Борсы ауылы Жақсыбай кеңшарынан бөлініп Партияның XXVI съезі атындағы кеңшар болып құрылды. Кеңшардың экономикасын дамыту, әлеуметтік шараларды іске асыруда оның алғашқы директоры Ш.Мұқанбетқалиевтің зор еңбегін атап өткен жөн. Борсы селолық кеңесі халық депутаттары аудандық кеңесі шешімімен 1984 жылы селолық кеңес территориясында екі мәдениет үйі, бір орта, бір сегіз жылдық мектеп, екі кітапхана, бір медициналық пункт, бір фельдшерлік-акушерлік пункт, бір балабақша, екі байланыс бөлімшесі жұмыс істеген. 1989 жылы Борсы селосында типтік жобада салынған 200 орындық мәдениет үйі, дүкен пайдалануға берілді.

Борсы ауылдық округі - бұрынғы Борсы селолық Кеңесі негізінде Батыс Қазақстан облысы әкімінің 1994 жылғы 4-сәуірдегі қаулысымен құрылған. Округке Борсы, Сартабан, Тегісшіл ауылдары кіреді. Тұрғыны 0,9 мың адам (2007). Округте 28 шаруа қожалығы жұмыс істейді. 2 Орта мектеп, мәдениет үйі, 2 кітапхана, 2 клуб, дәрігерлік амбулатория мен фельдшерлік пункт бар. Ауылдық округ әкімдері: Еркіналиев Қ.С. (1995-1997 жж.), Лұқпанов Ғ.Қ. (1997-2008 жж.), Еркіналиев Қ.С. (2008-2011 жж.), Қуанов Е.К. (2012 ж.).